

## Анықтама

2026 жылдың 4 ақпан күні "Даналық мектебі" жобасы аясында мектебімізде «Мұрагер» бейбітшілік шарты әскери күштері ардагерлерінің Республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелерімен "Тарихқа тағзым" атты ерекше кездесу өтті.

🧑 «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран». Тарихтың қатпарлы беттерінде есімдері алтын әріппен жазылған, бейбітшілік жолында сын сағаттарда сыр бермеген айбынды батырларымыз

1. Арзакулов ҮсенБатыр Мизанбаевич – «Мұрагер» бейбітшілік шарты әскери күштері ардагерлерінің төрағасы және орынбасарлары
2. Каримов Салимжан Раунакович
3. Бекенов Серик Кадаович
4. Купебаев Талғат Жолболдинович
5. Шакенов Қанат Нурмухаметович
6. Агаев Рафик Явероглы
7. Таштаев Абубакір Елеусізұлы келіп оқушыларға тәлім тәрбие беретін Отанға адалдықтың, төзімділік пен шынайы патриотизмнің жарқын үлгісі, қиын-қыстау кезеңдерде ел мүддесін бәрінен биік қойып, әскери антыңызға адал болу жайында жақсы әгімелерімен бөлісті.



## Әнұран

**Жүргізуші:** Армысыздар, құрметті қонақтар, еліміздің тыныштығын күзеткен айбынды азаматтар!

Бүгін біз «Мұрагер» бейбітшілік шарты әскери күштері ардагерлерінің Республикалық қоғамдық бірлестігі мүшелерімен бірге «Тарихқа тағзым» атты ерекше кездесуге жиналып отырмыз.

Бұл кеш – өткенге құрмет, бүгінге ғибрат, ертеңге аманат. Сіздердің бейбіт аспан жолындағы қажырлы еңбектеріңіз бен батырлық тұлғаларыңыз – өскелең ұрпақ үшін нағыз тәрбие мектебі. Қош келдіңіздер дейміз!

Өнер – елдің жаны. Ал батырларға арналған жыр мен би – халықтың шынайы құрметі.

Қарсы алыңыздар, сахнада: Құрманғали Рахымжанның орындауындағы «Елім менің» әні.

Келесі, сахна төрінде: «Дабол-Ти» би ансамблінің орындауындағы «Рух» биі.

Қабыл алыңыздар!

**I.** «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран». Тарихтың қатпарлы беттерінде есімдері алтын әріппен жазылған, бейбітшілік жолында сын сағаттарда сыр бермеген айбынды батырларымызды ортаға шақырамыз!

1. **Арзакулов ҮсенБатыр Мизанбаевич** – «Мұрагер» бейбітшілік шарты әскери күштері ардагерлерінің Республикалық төрағасы;
2. Каримов Салимжан Раунакович – Бірлестік кураторы;
3. Бекенов Серик Кадаович – Облыстық төраға;
4. Купебаев Талғат Жолболдинович – Бас кеңесші;
5. Шакенов Қанат Нурмухаметович – Төраға орынбасары;
6. Агаев Рафик Явероглы – Көлікпен қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары;
7. Таштаев Абубакір Елеусізұлы – Штаб басшысы;
8. Тұрған Әбдіманап Абубакирұлы – Бірлестік орынбасары.

Алғашқы сөз кезегін «Мұрагер» бейбітшілік шарты әскери күштері ардагерлер төрағасы **Арзакулов ҮсенБатыр Мизанбаевичке** береміз!

**II. Негізгі бөлім: «Сұрақ-жауап».**

Жүргізуші: Құрметті ардагерлер, сіздердің өткен жолдарыңыз – бүгінгі жас буын үшін үлкен мектеп. Рұқсат болса, оқушыларымыздың бірнеше сұрақтары бар екен, сұрақ-жауапқа кезек берсек!

### **III. Қорытынды бөлім.**

Жүргізуші: Құрметті қауым! «Мұрагер» бірлестігінің мүшелерімен өткен бүгінгі кездесуіміз — тағзым мен құрметтің белгісі. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке тилейміз!

Болаттай берік тәртіп пен азаматтық намысты ту еткен еңбегіңіз үшін басымызды иеміз.

Бейбітшілік туы құламасын, еліміз тыныш, аспанымыз ашық болсын! Келесі кездескенше аман сау болыңыздар!